

Іс-шараның мақсаты: Жазушының шығармашылығы мен көркем әдебиеттерін насихаттау; оқырман қауымын кітапханаға қызықтыру және тарту.

Кенес Одағының батыры, жазушы, профессор, филология ғылымының докторы, қоғам қайраткері, КСРО Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері, ержүрек батыр Мәлік Габдуллиннің туғанына 100 жыл толуына орай ОҚО арнайы кітапханасында «Өнегелі өмір, өлмес мұра» атты оқырмандар арасында әңгіме өткізілді. Қаһарман - ғалым Мәлік Габдуллиннің Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған шығармалары тарихи және көркемдік мәнімен өзгешеленеді. Сөз өнерін ардақтап келе тұтқан, қазақ баласына деген олушеусіз құштарлықтың, ізгілік –адамгершілік қасиеттің, рух-жігері асқақ қайраттың иесі Ер Мәлік лапылдаған оттың, «қоқала тұтіні бүркырап» гүрсілдеген оқтың ішінде жүріп, өнімді, өнімді еңбектеніп телегей шығармалар туындатқанына қайран қалмасқа болмайды. Сұрапыл соғыста бірге болған майдангер жолдастарының ерлігі мен батылдығын қас жау мен күресіп қана қоймай, ақ парак бетіне мемуар естелік ретінде түсірген Мәлік соғыстан кейін қаншама шығармаларды дүниеге әкелді. Мысалы, «Досыма хат» дейтін жазбаларындағы мына бір ой-толғамын еске алсақ; «... Ай артынан ай туып, жыл сонынан жыл да келер». Бүгінгі ауырлық, сұрапыл соғыстың дәуірі ертен-ақ шаттық, алтын нұрын шашқан сәулет күніне жеткізер. Сол кездерде өткен уақыттың оқиғаларына қоз салармыз. Адам тарихынан қасырлар бойы ошпестік орын алған талай-талай белестерді, мақтанш етерліктей болып жасалынған мазмұнды істерімізді, халқымыздың абырой-атағы, данқы, намысы үшін жас өмірін қаза өткен батыр бауырларымызды еске түсірерміз. Олардың ерлік істерін, олардың бізге қосқан аманатын «қасықтай қанын қалғанша халқына қызмет өт» деген тапсырмаларын еске алармыз. Осындай қайратты терен ойлы тұжырымдар айтып өткен батыр бабамызды мәңгі есте сақтау біздің қазақ жастарының борышы, міндеті деп өсептейміз. Әңгімеміздің бірінші паракшасында Мәлік Габдуллин жайлы естеліктер қозғалса, екінші паракшасында жазушының



«Өнегелі өмір, өлмес мұра» (Жазушы М.Габдуллиннің туғанына 100 жыл)

Авторлар: спецбп
14.09.2015 15:59 -

